

## Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 29 маусымдағы N 645 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 722 Жарлығы . 1-тармағының бірінші және екінші абзацтарын қоспағанда, күші жойылды - ҚР Президентінің 05.05.2018 № 681 Жарлығымен.

**Ескерту. 1-тармағының бірінші және екінші абзацтарын қоспағанда, күші жойылды - ҚР Президентінің 05.05.2018 № 681 Жарлығымен.**

Қазақстан Республикасының Президенті  
мен Үкіметі актілерінің жинағында  
жариялануға тиіс  
ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 29 маусымдағы N 645 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., N 22, 270-құжат; 2005 ж., N 11, 100-құжат; 2007 ж., N 4, 50-құжат; 2007 ж., N 22, 245-құжат; 2008 ж., N 29, 281-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтағы "2010" деген цифрлар "2015" деген цифрлармен ауыстырылсын;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағы туралы ережеде :

1-тармақтағы "Есіл өзенінің сол жақ жағалауында," деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақтағы "Есілдің сол жақ жағалауын" деген сөздер "Астана қаласын" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті **Н. Назарбаев**